

ӘОЖ 343.41

**ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Абдрақова Дана Нұржігітқызы**

[Dana\\_abdrakova@mail.ru](mailto:Dana_abdrakova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Заң факультетінің 2 курс  
студенті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Бүгінде терроризм атауымен аталатын бұл ауыр індеттің қауіпі тек Қазақстан Республикасында емес, онымен қоса бүкіл әлем мемлекеттерінде де сейілмей отқаны, оның үстіне қаһарлы кейіпке еніп келе жатқаны баршамызға мәлім. Жақында ғана Анталия қаласында лаңкестікке қарсы өткен Г-20 саммиті және де Франция Республикасында болған жарылыс бүкіл мемлекеттердің үрейленуін және бұл тақырыптың бүгінгі таңда өзекті екенін және де емен ағашы сияқты тамырын тереңге жайып келе жатқанын тағы да бір рет көрсетіп отыр. Расымен де, терроризм сынды бұл жаман құбылыспен күресуде бүгінде қолданып жатқан күресу шараларын пайдалану арқылы толықтай жеңіске жетуге болады ма? Онымен күресуде халықаралық құқықтың нормалары бүгінде қаншалықты сақталып жатыр? Террористік актілерден жапа шеккендердің және террористік әрекеттерді жасаған адамдардың құқықтары қалай қорғалуда? Осы сұрақтарға біз төменде барлық жай-жапсарларын аша отырып баяндағанды мақсат тұтып отырмыз.

Ең алдымен, жоғарыда аталған сұрақтарға жауап бермес бұрын, терроризм ұғымына тоқталсақ.

Шынымен де, Терроризм деген не? Осы уақытқа дейін құқық саласындағы әрбір ғалым бұл терминге әртүрлі түсінік беріп келді. Терроризмнің жеке түрлерімен күресу үшін БҰҰ бірнеше халықаралық шарттар мен конвенцияларды қабылдағанымен, осы ұйымның деңгейінде, тіпті, халықаралық құқықтың өзінде бұл терминге тұрақты және де нақты анықтама жоқ.

Ел ішінде үрей және дүрбелең тудыру мақсатында бір немесе бірнеше адамдар тарапынан жеке адам және қоғам тәртібін, тыныштығы мен қауіпсіздігін бұзатын іс-әрекеттер мен іс-шараларды ұйымдастыру «терроризм» деп аталады. Терроризмнің анықтамасы, әсіресе, экстремизмге қарағанда анағұрлым кең ауқымды қамтиды. Дегенмен, олардың арасында ортақ нәрселер де жоқ емес. Терроризм дегеніміз – бұл бүкіл адамзатқа қарсы қылмыс. Оның атауы латынның «террор» – үрей, қорқыныш деген сөзінен шыққан. Ол түрлі бейнеде көрініс табуы мүмкін. Терроризм – күш көрсету идеологиясы және халықтың зәресін алу мен зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ, іс-әрекеттердің басқа да пішіндері арқылы билік органдарының шешім қабылдауына ықпал ету. Бұл – мыңдаған қарапайым азаматтардың өмірін жалмайтын, сөйтіп, бүкіл елді үркітетін жарылыстар. Бұл – ядролық, химиялық немесе биологиялық қару қолдану қатері. Оның діни түрткілері де болуы ықтимал, олар әртүрлі діни сенімдегі адамдардың арасына зорлық-зомбылық пен шектен тыс төзімсіздік уәждерін таратудан байқалады. Ал экстремизмнің анықтамасы біршама екіұштылау. Дегенмен, экстремизмге жекелеген адамдардың, топтардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы бағытталған шетін көзқарастар мен іс-әрекетке бару деген анықтама беруге болады. Зорлық-зомбылыққа, бейбастақ іс-әрекет пен тәртіпсіздіктерге және т.б. шақыру азаматтардың құқықтарына, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, осының бәрі экстремизм қатарына жатқызылады. Терроризм бір күнде пайда болған жоқ. Ол қай заманда да түрлі пішінде бар болатын. Бірақ, қазіргі ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына орай оның ауқымы, қарқыны және қоғамдық санаға ықпалы бұрынғыдан сандаған есе өсіп, ұлғайып кетті. Міне, әлемдік қоғамдастық осыдан үрейленеді. Бельгиядағы, Париждегі, Ресейдегі (Бесландағы мектепті басып алған кезде кепілдікке 1128 адам алынды, 334 адам қаза тапты) лаңкестік оқиғалар осының дәлелі. 2000 жылы Мәскеуде Пушкин алаңының астындағы жерасты өткелінде террорлық акт жасалды. Онда 13 адам өліп, 60-қа жуық адам жараланды. Яғни, терроризм халықты құрбандыққа шалуымен қауіпті. Ол – бүкіләлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген ең елеулі қатер. Сондықтан да әлемдік қоғамдастық лаңкестік әрекеттерден үрейленуі заңды. Енді, тіпті, бұған дейін тыныш болған Еуропаға да қауіп төнді. Соған орай барлық елдерде қауіпсіздік шаралары күшейтілуде. Мұның өзі қатардағы азаматтардың құқықтарын барған сайын шектей түсуде.

Терроризмнің мақсаты - мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орталарында, сауда саттық орталықтарында оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру. Кейбір зерттеулерге қарағанда, террористік іс-шаралардың басталуы біздің эраға дейін 44 жылы Цезарьды өлтірген жылға негізделеді. Демек, адамдар арасында бейбітшілік пен тыныштық болмаған, террористік және анархиялық іс-шаралар орын алып келген. Демек, сонау жылдардан бері террористік әрекеттермен күресіп келеміз-дегенге саяды. Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адам немесе топтасқан қауым «террорист» деп аталады. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын іс-шараларды, заңға қайшы жұмыстарды іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Терроризм оның барлық формалары мен көріністерінде, ауқымы мен қарқындылығында, адамгершілікке жатпайтын және қатыгездігінде қазіргі кезде жаһандық маңызы бар ең өткір және өзекті мәселелердің біріне айналды. Терроризмді құрайтын өте қауіпті қоғамдық-саяси және қылмыстық құбылыс мыңжылдықтар тоғысында жаһандық қауіпсіздікке төнді. Бұл зұлымдық ТМД елдерін аямады.

Терроризмнің барлық көріністері жаппай адамгершілікке әкеледі, ғасырлар бойы қалпына келтірілмейтін барлық рухани, материалдық, мәдени құндылықтар жойылады. Террористік актілер билік пен халықты терроризмге қарсы ұйымдар мен бөлімшелер құруға итермеледі. Терроризм көптеген адамдар үшін саяси, діни, ұлттық мәселелерді шешудің әдісіне айналуға. Терроризм дегеніміз - адам өмірін құртудың көптеген әдістерін білдіреді, олардың құрбандары көбінесе жазықсыз адамдар болып табылады, олар жанжалға ешқандай қатысы жоқ.

Кез келген мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті және міндетті шарттардың бірі - қоғамдық тәртіпті сақтау. Құқық қорғау органдары қоғамдағы адамдардың мінез-құлық ережелерін бұзудың қылмыстық жазаланатын нысандары - террористік әрекеттерді насихаттайтын, террористік әрекеттерді насихаттайтын, барымтаға алу, бандитизм, вандализм, бұзақылық және тәртіпсіздіктерге қарсы күресті күшейтуде. Алайда, зерттеу нәтижелері Ресейде қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар өте жиі кездесетінін көрсетеді.

Қоғамдық қауіпсіздік тиісті құқықтық нормаларда бекітілген белгілі бір жағдайлардың болуын болжайды, оларды қатаң сақтау азаматтардың өмірі мен денсаулығын, олардың меншігінің қол сұғылмауын, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қалыпты қызметін қамтамасыз етеді. Бірақ осы уақытқа дейін құқықтық әдебиеттерде қоғамдық тәртіп ұғымы, оның мазмұны жеткілікті дәрежеде дамымаған, қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс жасаған тұлғалардың жауапкершілігінің даулы мәселелері түпкілікті шешілмеген. [1].

Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қауіпті қылмыстың бірі - терроризм.

Терроризм және оның салдары қазіргі әлемнің басты және ең қауіпті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде дамыған қоғамдарға да, олардың реформалары немесе даму кезеңдерінен өтіп жатқан мемлекеттерге де қатысты. Терроризм көптеген елдердің қауіпсіздігіне қатер төндіріп, үлкен саяси, экономикалық және моральдық шығындарға әкеліп соқтыратыны қазіргі шындық. Кез-келген ел, кез-келген адам оның құрбаны бола алады.

Терроризм - біздің заманымыздың ең қиын болжанған құбылыстарының бірі және ең қауіпті, ол әр түрлі формалар мен кең көлемді қабылдайды. Террористік актілер көбінесе жаппай шығындарға алып келеді, кейде қалпына келтірілмейтін материалдық және рухани құндылықтардың жойылуына, соғыстардың, әлеуметтік және ұлттық топтардың арасындағы сенімсіздік пен жеккөрушіліктерді тудырады, кейде оларды жеңу мүмкін емес. Терроризм ұлттық шеңберден шығып, халықаралық сипат алды, тиімді ұстау қаруына айналды.

Менің диссертациям қазіргі уақытта қылмыстық заңның маңызды мәселелерінің біріне - терроризмге арналған, терроризмнің белсенді көрінісі салдарынан жақында мыңдаған адамдар қаза тапты, материалдық шығын бірнеше миллиард рубльге жетеді. Жәбірленушілер статистикасы құрбан болғандардың саны жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. Мұның бәрі осы тақырыпты таңдауды және диссертация ретінде жазуды алдынала анықтады.

Қол сұғу нысаны тұрғысынан терроризм адамдардың денсаулығына, меншігіне, заңды және заңды мүдделеріне зиян келтіреді, қоғамдық өмірді бұзады, сондықтан мен өз жұмысыма терроризмнің қайдан бастау алатындығын егжей-тегжейлі зерделеуді, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстың қайдан бастау керектігін білуді, ашуды мақсат етемін. осы қылмыстардың жүйесі мен түрлері, объективті және субъективті белгілері, сондай-ақ терроризммен күрес. . [2].

Басып айтатын жайт, ғалымдар бұл терминді ешқандай құқықтық сипатқа ие емес деп пайымдайды. Тарихшылардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ «террор» сөзі латын тілінен аударғанда – «үрей», «қорқыныш» деген мағынаны білдіреді. Ал бұл терминнің өзі адамзаттың даму тарихымен бара-бар сыңары болып келеді. Себебі, ең алғаш ол туралы мәліметті Фессалония автономиясы үшін римляндықтардың еврейлермен күресі кезінде, еврей халқының күресу әдісінде көрініс тапқан екен. Ал терроризм ұғымын бекіту алғаш рет 1937 жылы Женева конвенциясында орын алған. Бірақ та, кейіннен бұл терминді бекіту белгілі бір себептерге сәйкес сәтсіздікке ұшырап, ол конвенция өз күшіне енбеген болатын. Аталған конвенцияда бұл термин: белгілі бір мемлекетке немесе адамдар тобына үрей тудыру мақсатында, демократиялық қоғамды құрдымға ұшыратуға бағытталған заңға қайшы іс-әрекет деген анықтамаға ие болады. Бірақ та бұл анықтама өзінің нақты еместігіне байланысты үлкен сынның астында қалды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 255-бабында Терроризм актісіне мынадай анықтама берген: «Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру». Терроризмге қарсы күрес бүгінде әрбір елдің ішкі және сыртқы саясатының басты бағыттарының біріне айналды. Бүгінгі әңгімеміз терроризмнің саяси - әлеуметтік құбылыс ретіндегі табиғатына арналмақ. Табиғаты күрделі, тарихы тереңде жатқан бұл құбылыстың мән - жайын түсіну сарапшылар деңгейінен қалың оқырманға қарай жол тарта бастады. Біз де сол үдеріске қарата бет бұрмақпыз. Ендеше барлығыңа ортақ сұрақ: Терроризм дегеніміз не? Оның анықтамасы [3].

Терроризм таралуына террористік топтар ұйымдарының молығуы әсер етеді. Олар межелі кеңістікке белгілі дәрежеде ықпал етіп қана қоймайды, сонымен бірге өз қызметтерін насихаттай да алады. Мұның өзі өз жағына жаңа жақтастарды тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар террористік ұйымдардың өз мүшелерінің қарулы күрес жүргізуге баулитын мүмкіндіктері де бар. Сонымен қатар террористік ұйымда өз қызметтерін ақпараттық сараптан өткізудің. арқасында, материалдық мүдде көмегімен жақтастар тарта алады, олардың өз демеушілері де бар.

Мемлекеттер арасында орын алған қайшылықтар мен шиеленістер" терроризм факторын бәсекелес жақты әлсірету мақсатына пайдаланатын мемлекеттер мүддесін арта түсуіне ықпал етуде. "Терроризмнің көрініс табуының қалыбы мен қасиетінде осыған байланысты. Террористік актілер соңғы кезде шектен тыс молайып, ғаламдық процестің біріне айналды.

Тек қана 2002 жылдың сегіз айында дүниежүзінде 390 теракт болған, мұның өзі 2001 жылы тіркелгенінен онның бір бөлігінен көп. Америка Құрама Штаттарындағы қайғылы

қыркүйек оқиғасынан кейін терроризммен күрестің болып көрмеген шаралары көрініс тапты. Терроризм қауіп-қатерінің таралуына дүниежүзі елдерінің бәрі дерлік қарсы шықты.

Алайда, мұнымен терроризм тыншыған жоқ. Қасіретті шежірені 2002 жылы қазандағы Мәскеу драмасы жалғастырды. Терроризм десе түршікпейтін адам жоқ. Ол өткен ХХ ғасырдың бас кезіне бастап жиі қайталанатын болды. Азір әлем саясаткерлері, қоғам қайраткерлері оның түрлі-түрі себептерін ашық айта бастады. Бір белгілі болғаны, терроризм өрті кедей елдер мен бай елдер, күштілер мен әлсіздер арасында жиі-жиі тұтанып отырады екен.

Терроризмнің сыртқысаяси және саясатшілік мақсаттары. Террористік әрекет объектілерінің негізгі топтары. Террористік әрекеттің әдістерінің төрт тобы: ұйымдастырушылық сипаттағы, физикалық, психологиялық және материалдық әсер ету әдістері. Террористік әрекеттің күші мен құралдары.

Терроризмнің мақсаттары мен міндеттері. Терроризмнің сипатты белгісі болып, жоғарыда айтып өткендей, оңшыл, солшыл, ультрареволуциялық және сепаратистік сияқты сәйкес кететін террористік ұйымдардың әр түрлі бағыттарын біріктіретін идеялық – саяси платформа, «террористік идеологияның» болуы табылады. Осы платформалардың мазмұны мен бағыттылығы әдетте белгілі бір террористік ұйымның жалпы сызығын және оның мақсаттары мен міндеттерін негіздейді.

Терроризм мақсаттары Террористік ұйым әрекеті қол жеткізуге бағытталған нәтижелермен сипатталады. Терроризм субъектісі мен оның әрекетінің бағыттылығына байланысты саясатшілік және сыртқы саяси терроризм мақсаттарын бөліп қарастыруға болады.

Саясатшілік мақсаттарға жатқызуға болады: мемлекеттің саяси режимі мен қоғамдық құрылымын өзгерту; демократиялық қайта құру немесе оны қиындатуды жою, қопару; билік авторитеттерін және халықтың олардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғай алу мүмкіндігіне деген сенімді жоғалтуды жүзеге асыру; саясатшілік құрылымды дестабилизациялау; билік және басқару органдарының немесе оларға қарсы келетін саяси партиялар немесе ұйымдардың әрекетін қиындату немесе қайта ұйымдастыру; Мемлекеттік билікте отырғандарға халыққа көмектесе алатындарына халықтың көз алдында дәлелдеу немесе террористтердің авторитетін көтеру; билік және басқару органдарының белгілі бір өткізілетін іс- шарасын бұзу. [4].

Сыртқы саяси мақсаттарға мыналар жатады: халықаралық байланыстар немесе елдердің шет ел мемлекеттерімен қатынасын әлсірету; халықаралық немесе саясатшілік шиеленістерді шешуге байланысты жүргізілетін акцияларды бұзу; шет ел мемлекеттеріндегі мекемелер мен оның азаматтарыны әрекеттері үшін қолайсыз жағдайларды туғызу; халықаралық аренада немесе мемлекет ішінде белгілі бір акцияларға қарсы шығу; дүниежүзілік қауымдастық көз алдында мемлекет компрометациясын халықаралық терроризм қайнар көзі ретінде көрсету т.б.

Қазақстанда Интернет желілері арқылы таралған түрлі шетелдік террористік сипаты бар діни бағыттағы материалдарға тұтынушылардың қол жетімділігін шектеу керек. Біз көп жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін барып ғана қимылдаймыз. Мәселен, Ақтөбе мен Астандағы жарылыстардан бір ай өткеннен кейін барып ғана Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мазмұны терроризм мен экстремизмді насихаттау мен оны жақтауға тиымды бұзған 15 шетелдік сайттарды анықтады. Қару – жарак, радиоктивті материалдар сақталатын орындарды, ұлт үшін маңызы бар ескерткіштерді және ең бастысы адам көп мекен ететін орындарды, атап айтқанда балалар, жүкті әйелдер орналасатын аймақтарды ерекше қорғауға алу.

Бұл глобальдық проблемамен халықаралық деңгейде бірігіп күресу керек. Қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі - Еуропадағы қан құйылулар. Егер де, саяси конфликтілердің эскалациясына, яғни өршуіне жол беретін болсақ, бүкіл әлем мемлекеттерінің бұл тұтқұйылдан өте ауыр соққы болмақ. Егер де, саяси шиеленіске және терроризмге тағы бір қадам жасайтын болсақ, дамыған және өркениетті мемлекеттер

арасындағы үшінші дүниежүзілік соғысқа тап боламыз. Расында да, біреудің қайғысынан бақыт тұрғызу мүмкін емес, сондықтан бұл орайда глобалды түрде жұмыс жасау бүгінгі әлем мемлекеттеріне қажет дүние болып саналады. Шын мәнінде, әлем мемлекеттері бір болып түсіністік пен жауаптылықты қалыптастыратын болса, ол жұмыстардың нәтижесі терроризмнің азаюна, барлық мемлекеттердің тұрақты дамуына алып келетініне кәміл сенеміз!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз, 14-16 баптар аралығы
2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі, 2014 ж, 3 шілде
3. Джонотан Купер,Руководство Борьба с терроризмом и защита прав человека, БДИПЧ, ОБСЕ, 2009 жыл, С.312
4. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция, 1984 ж 10 желтоқан.